

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 114 – 118

## THE ROLE OF CONNOTATIONS IN THE TERM FORMATION

I. S. Muratbaeva

Almaty branch of the St.-Petersburg Humanitarian university of trade unions, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: indiramuratbaeva@mail.ru

**Key words:** terminology, term formation, connotation, semantics, denotative meaning, significative meaning.

**Abstract.** While studying the process of term formation it is necessary to pay special attention to the ways of it. The term may be formed with different sense colour. A term is a word, denoting a notion, a fact of science which has one denotative meaning. But while the term is formed using metaphor the expressive emotional meaning of the word from which the term was formed may be preserved in its outer manifestations. The connotative meaning in the semantics of the term causes many questions and arguments. There are both supporters and enemies who are against this viewpoint. The latter neglect any presence of additional meaning, except denotative.

Nevertheless the analysis of the terminological corps of different branches of sciences, which is formed by metheforization gives the possibility to come to the conclusion that expressive – emotional meaning of the term may be present at the first stage of the process. But then with the time being when the term is used for a long period, it may lose or hide its connotative meaning. As the analysis shows in many cases the connotative meaning can be observed while transition of professional words into terms. The connotative meaning may be present in determinologizative terms, which were transferred from the branches of science into literary language.

УДК 811.512.122'373.46

## ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ КОННОТАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

И. С. Муратбаева

Санкт-Петербур гуманитарлық кәсіподақтар университеті

Алматы филиалы, Қазақстан

**Түйін сөздер:** терминология, терминжасам, коннотация, семантика, деннотаттық мағына, сигнификаттық мағына.

**Аннотация.** Терминжасам үдерісін қарастыра отырып, қосымша түрлі мағына беретін терминжасам тәсілдеріне назар аудару керек. Термин дегеніміз нақты бір ғылым саласындағы болмысты, фактіні атайтын бір денотаттық мағынаға ие сөз. Алайда метафора арқылы жасалған терминдерде сөздің эмоционалды-экспрессиялық мағынасы сыртқы көрінісінде орын алуы мүмкін. Терминнің мағынасында қосымша коннотативтік мағынаның болуы қарама-қайшылыққа толы мәселе. Бір жағынан, коннотативті мағынаның болуын орынды деп құптаса, екінші жағынан, термин тек бір денотаттық мағынаны білідерді деген көзқарасты қолдайды. Көптеген ғылым салаларының метафора арқылы жасалған терминдік қатарын қарастыра отырып, терминжасам үдерісінің бастапқы кезеңінде эмоционалды-экспрессиялық мағына қосымша орын алатынына көз жеткіземіз. Алайда терминнің ұзақ уақыт ішінде қолданыста болуы қосымша мағынаның өшіп немесе жоғалып кетуіне септігін тигізеді. Талдау барысында анықталғандай, коннотативтік мағынаның болуы көп жағдайда кәсіби сөздердің терминдер қатарына өту барысында кездеседі. Коннотативтік мағына терминдердің бейтерминдену, яғни ауызекі сөздік қорға қайта оралу барысында орын алатыны сөзсіз.

**Кіріспе.** Терминология саласындағы коннотацияны рөлін, алатын орнын анықтау ғалымдар арасында көптеген пікірталас тудыратын мәселе. Себебі коннотация ұғымының өзін терминологияға қатысты жат ұғым деп білеміз. Терминді тек бір денотативтік мағынаға ие болатын сөз деп анықтап келеміз. Алайда терминологияға, терминжасамға қатысты коннотативтік мағынаның болуын жоққа шығармайтын ғалымдар да өз пікірін ғылыми баспаларда жариялап жүр. Осыған орай терминологиядағы коннотацияға қатысты сұрақтар қарама-қайшы келетін көзқарастар мен пікірлерді тоғыстыратын және біріктіретін мәселені өзекті деп санаймыз.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында салыстырмалы – салғастырмалы, талдау мен жинақтау, сипаттамалы әдістер кеңінен қолданылып басшылыққа алынды.

Терминология саласындағы коннотацияның рөлін анықтау үшін «коннотация» ұғымының мазмұны мен семантикалық өрісін талдау қажеттілігі туындайды. Ю. Д. Апресянның «на долю термина «коннотация» остается ровно одно значение – узаконенная в данном языке оценка объекта действительности, именем которой является данное слово ... коннотациями лексем мы будем называть несущественные, но устойчивые признаки выражаемого ею понятия, которые воплощают принятую в данном языковом коллективе оценку соответствующего предмета или факта действительности» деген пікірін біз негізге аламыз [1, с. 22]. Ғалым коннотацияны талдай отырып, оның сипаттарын ажыратады. Сөздегі коннотациялық тұрғыдан елеусіз қалған сипаттама екінші бір тілдік бірліктің толық семантикалық компоненті бола алатындығы баса көрсетіледі. Коннотацияның бұл қасиеті шарты түрде «компаративтілік» деп аталып жүр. Коннотацияның басқа да қасиеттері оның туындау, қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты. Сөздің коннотациялық сипаттарға ие болуына болмыс нысанын қабылдау және оны пайдалану, қолдану, сөздің психологиялық, тарихи, діни, мәдени контекстері, этимологиясы және т.б. факторлар септігін тигізеді.

Қазақ тіл білімінде де ғалым М.Оразов эмоционалды-экспрессивтік мағынаны білдірудегі өнімді жолдардың бірі – сөздердің метафоралы қолданылуы екендігіне назар аударады [2]. Терминология мәселесін қарастырғанда пікірталас тудыратын мәселе – терминнің эмоционалды жағы, яғни терминжасамдағы коннотацияның алатын орны. Терминнің эмоциялық және экспрессивтік мағынандан «таза» болуы және оның тек номинативтік функцияда қолданылатындығы туралы А. А. Реформатский [3], Л. А. Капаназе [4], және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде айтылған. Алайда бұл пікірге қосылмайтын, яғни қарама-қарсы көзқарасты білдіретін пікірлер М. Н. Володина [5], В. Н. Прохорова [6], С. С. Гусев [7], қазақ тіл білімінде Б. Қалиевтің [8] еңбектерінде айқындалған. Олардың тұжырымдамасы бойынша, терминнің мағыналық құрылымында сигнификативтік және денотативтік мағыналардан басқа, коннотативтік мағыналар да орын алуы мүмкін. Бұл тұста коннотативтік мағына эмоцияны, экспрессияны, бейнелілікті қамтиды және әр қайсысының алатын орны мен қолдану принциптерін талдауды қажет етеді. Сөздің бейнелілігі оның уәжденуінен туындайды, яғни басқа ұғымның сипаттарымен ұқсас келетін сипаттарды білдіретін ішкі форманың қалыптасуы. Алайда бейнеліліктің туындауы сөздің мотивтену, барысындағы барлық кезеңдерінде орын ала бермейді, яғни экспрессиялық уәждену басты орынға шығады. Экспрессиялық мотивтену бейнелілікті күшейту, нақтылау барысында туындауы мүмкін, яғни ішкі форманың мағыналық құрылымының коннотациялық тұрғыдан толығына септігін тигізеді.

Терминде экспрессиялық мағынамен қатар эмоционалды коннотация да орын алуы мүмкін. Эмоционалды коннотация дегеніміз термин жасаушының, қолданушының жаңа ұғымды тудыруда өз пікірі мен көзқарасын, сонымен қатар жағымды немесе жағымсыз эмоциялық қатысын білдіруі. Егер термин эмоциялық бояуға қанық сөздермен берілсе, терминологиялық жүйеде де сол бояуы сақталады. Мысалы, *жандарм* (геогр.), *старение* (информ.), *паразитные токи*, *агрессивная вода* (политех.), *«сорвать куш»*, *тират* (эк.), қазақ тілінде *«бір жаққа лағу»*, *акцияларды «қақшу»*, *желқайықтар* (эк.) және т.б. терминдерде жағымсыз эмоцияның «іздері» білінеді. Ал *жемчужная вода*, *благородный газ*, *благородный металл* (политех.), *золотое правило* (эк.), *күнсұлу*, *сұлушап* (бот.) терминдерінде жағымды эмоция көрініс тапқан. Нақтылап айтқанда, осы топта терминдерде сөз тудырушының, яғни термин жасаушының эмоциялық қатысымен қатар терминнің мағыналық сипатын ашып тұрғандай.

Терминдердің құрылуындағы эмоциялық сипат тікелей салыстыру нысанын таңдаумен байланысты. Бір арнайы ұғымды жалпы әдеби тілде әдемі, қажетті заттарды немесе керексіз, сүйкімсіз заттарды білдіретін ұғымдармен салыстыруға болады. Осыдан жағымды немесе жағымсыз

коннотацияны білдіретін эмоционалды бояу қалыптасады. Алайда атау беру, ең алдымен, ұқсас дифференциалды сипатардың болуымен байланысты.

Коннотативтік мағынасы айқын көрінетін терминдер экономика саласында көптеп кездеседі. Мысалы, *семіз мысық// жирный кот, сауын сиыр// дойная корова, копченый сельд* және осы типтес терминдерде жағымсыз коннотация анық көрінсе, керісінше *көгілдір фишка // голубая фишка, алтынга бөлеу// золотое рукопожатие, алтын парашюттер// золотые парашюты* терминдерінде *голубое// көгілдір, золотое// алтын* компоненттерінде бағалы, жоғары, қымбат сияқты коннотативтік мағына берілген. Сондай-ақ, геология саласындағы орыс тілінде берілген *хвосты* терминін мысалға алсақ, термин бастапқы материалмен салыстырғанда, кең байытудың барысында алынған бағалы компоненттері төмен *қалдықтар* деген ұғымды білдіреді. Терминнің коннотативтік мағынасын талдасақ, *қалдық* деген ұғым «еш қажеті жоқ, пайдасы аз, соңында қалған» деген жағымсыз эмоцияны тудыратын мағынаға ие. Біздің пікірімізше, денотативтік мағынамен қатар коннотативтік мағынаны да бір терминде біріктіріп көрсетілгендіктен осы атаудың таңдап алынуы заңды деп есептейміз. Қазақ тілінде де осы типтес терминдер кездесіп тұрады. Мысалы, экономика саласының терминологиялық жүйесінде кездесетін *ақ жағалылар, ишак, есек* терминдері осы ойдың дәлелі. Бұл терминдер бір ұйымда жұмыс істейтін адамдардың қызметіне сәйкес берілген атаулар, яғни жоғары немесе төмен лауазымда иеленген қызметкерлердің атаулары. *Ақ жағалылар* басшылық орындарда қызмет ететін тұлғалардың атауы болса, *ишак, есек* деп жүк тасушыларды атайды. Терминдерді салыстыра отырып, экспрессивтік мағыналардың айқындығын, эмоциялық бояулардың қанықтығын көруге болатындығын алға тартамыз. Терминдер осы қызметті иеленген тұлғаларға деген көзқарасты, сезімді, қарым-қатынасты білдіреді деп санаймыз, яғни, бір жағынан, құрмет, тамсану басым болса, екінші жағынан, менсінбеушілік, меңмендік байқалады. Ботаника саласындағы *жетімек* шөп атауы да осындай күшті эмоционалдық бағаға ие.

Эмоционалды бояу түрлі терминологиялық жүйелерде кездесетін кішірейту жұрнақтары бар терминдерден де анық көрінеді. Мысалы, техника саласының терминдері *барашек, гляделки, гусек, хвостик, зайчик*, темір жол саласының термині *каретка* сөзінің құрамында кездесетін *-чик, -ик, ек, -к* жұрнақтары экспрессияны күшейтіп, бастапқы денотативтік мағынаға өзгерістер енгізеді, яғни жаңа ұғымдардың туындауына себепкер болады. Бұл терминдерде эмоция образдылықпен бірге қосылып берілген. Қазақ тілінде сөз түрлендіруші жұрнақтар молынан қолданылады, алайда терминология саласынан мұндай жұрнақтары бар терминдерді кездестірмедік.

Күшейті, нығайту сияқты экспрессиялық коннотация жасалу және берілу тәсілі жағынан әртүрлі болып келеді. Экспрессия бейнелілік және эмоциялық коннотациясы бар терминнің мағыналық құрамына міндетті түрде қатысатын компонент. Сонымен қатар экспрессия қосымшада берілмей негізгі мағынаның құрамында болуы мүмкін. Терминде экспрессияның туындауы терминделетін сөздің стилистикалық бояуымен де байланысты. Жалпы әдеби сөздің стилистикалық бояуы туралы айтқанда оның әдеби тілдің қай стиліне жатқызылуын емес, ең алдымен, оның әдеби тілге енуі, туралы сөз қозғалалы жаргон, диалект сөздерді әдеби тілде қолдану оның ауызекі сөйлеу тіліне жатқызылатын стилистикалық ерекшеліктерін анықтайды. Ауызекі сөйлеу тіліне эмоционалды және экспрессивті бояуының қанық болуы жете тән, яғни терминде де оның жасалуына себеп болады. Диалект, жаргон сөздердің термин ретінде қолданылуы тілдік элементтерді анықтайтын факторлардың бұзылуымен байланысты. Мысалы, *вертлюг* техника саласында «механизмдердегі айналып тұратын біліктің ұядағы басы» деген мағынаны білдіреді. Анатомия саласында ортан жіліктің ұршық басын да *вертлюг* деп атайды. Ауызекі сөйлеу тілінде *вертлюг* деп ұршықты атайды. Диалект, ауызекі сөйлеу тілінің сөздерінің қолданылуы мен олардың терминнің қалыптасуына жасайтын әсері туралы Т. С. Коготкова өз еңбектерінде жан-жақты талдап жазған [9].

Экспрессиялық коннотация қолданудан шығып қалған архаизм немесе историзм сөздерден де туындауы мүмкін. Бұл – көнерген сөздердің қазіргі тілдік нормаға сәйкес болмауы немесе шектеулі саладағана қолданылуы және ол сөзден терминнің туындауы экспрессияның туындауының бір шарты болып табылады. Геология саласында қолданылатын *мантия, шлейф* терминдері осы тұжырымның бірде бір дәлелі. Мантия сөзінің денотативтік мағынасы «(греч. *μαυδίη* – «шерстяной плащ») – часть торжественного облачения монарха, служителей церкви» деп берілген. Мантия православие дінінің жоғары дәрежелі шендері киген сыртқы киім және мемлекеттік елтаңбаның геральдикалық түсі мен шіркеу қызметшілерінің шен дәрежесіне қарай мантияның түсі де өзгеріп

отырады. Қазіргі уақытта тек шектеулі топтағы адамдар ғана бұл киімді қолданады және бұл киімді киюдегі мағына да өзгеріске ұшыраған. Мысалы, сот төрешілерінің немесе академиялық киім ретінде жоғары білім беру орындарының ұстаздарының қолданылуы. Көріп отырғанымыздай, мантия сөзі «жоғары, әдемі, қымбат, сапалы» сияқты мағыналардың жиынтығын құрап, тек жағымды коннотацияға ие, яғни жағымсыз мағынада қолдануға мүмкіндік бермейді. Алайда геология саласында қолданылатын *мантия*, *жер мантиясы* терминдерінің мағынасында коннотативтік мағына мүлдем айқындалмайды. Басқа сөзбен айтқанда, терминдік мағына ауызекі сөйлеу тіліндегі мағынамен салыстырғанда тарылып нақтыланған. Геологияда *мантия* деп жер қыртысындағы қабатты атайды.

Терминдер мағынасында коннотативтік бояу сақталады ма? Термин қолданушылар коннотативтік мағынаны сезіне ала ма? Қаншалықты қабылдайды? – деген сұрақтар термин мәселесімен айналысып жүрген зерттеушілердің арасында көптеген қарама-қайшылықтарға толы пікірдерді тудыратыны анық. Бұл мәселені шешуде біржақтылық немесе бірізділік жоқ. Себебі, бір жағынан, терминдерді қолдану немесе жасалу барысында бейнелі-эмоционалды бояу өшіп, сөніп кетеді десе, екінші жағынан, бұл пікірге қарсы келетіндер аз емес. В. Н. Прохорованың пікірінше, терминнің туындау уақытын дәл анықтау барлық кезде мүмкін емес және коннотацияның өшіп кетуі немесе кетпеуі – шешімі жоқ сұрақ [6].

Терминнің коннотациялық компоненттері бейтерминдену процесі кезінде қайта туындап, жаңғыруы мүмкін. Экспрессия, бейнелілік бейтерминделген сөздерде міндетті түрде болатын компонент, яғни терминнің бұл сипаттары сөздің жалпы сөйлеу тіліне немесе әдеби тілге өтуіне бейімдейді.

Терминологиялық жүйелерге жағымсыз ассоциация тудыратын терминдер кіріп жатса, оларды басқа сөзбен ауыстыру қажеттілігі туындайды. Мұндай жағдай кәсіби лексиканың терминдік мәртебеге ие болып, терминдік жүйенің бірлігіне айналған кезде орын алуы мүмкін.

**Зерттеу нәтижесі.** Терминдердегі коннотация түрлі функцияда қолданылуы мүмкін. Ең алдымен, әрбір терминологиялық жүйеде коннотация номинативтік мағынасының құрылуына ықпал жасайды. Термин белгі, бірлік ретінде жүйеде өз орнын алып, термин қолданушылардың есінде сақталып, қолдануға ыңғайлы, мағыналы болуы керек. Эмоция, экспрессия бейнелілік коннотациялары терминнің есте сақталып, жүйеге кіріп, сол жүйеде нақты орнығып қалуына үлкен мүмкіндік береді. Бұл жағдайларда метафораланған термин негізгі сигнификативті мазмұнымен қатар қосымша мағлұмат та бере алады.

**Қорытынды.** Терминнің қалыптасуында атау беріп отырған терминжасаушының арнайы ұғымға деген көзқарасы, қарым-қатынасы да, оған баға беруі де көп септігін тигізеді. Бұл бағаның көрсеткіші – терминдегі коннотация, эмоция мен экспрессияның деңгейі. Бейнелілік бұл тұста мәнерлеу немесе әрлеу үшін емес, мағынамен тығыз байланыстатын форма ретінде қолданылады. Коннотация терминологиялық жүйеде экспрессиялық мағынасы бар синонимдік қатар құруға бағытталмайды. Сонымен бірге коннотация қаншалықты айқын болғанымен сигнификаттық мағынаға бағынышты, денотативтік мағына алдыңғы қатарға шығып, басымдылыққа ие болады.

**Зерттеудің қаржыландыру көзі.** Мақала авторы – Муратбаева И.С.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Апресян Ю.Д. Избранные труды, том II. Интегральное описание языка и системная лексикография. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1995. – 767 с.

[2] Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

[3] Реформатский А.А. Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологий. – М.: Наука, 1961. – С. 46-54.

[4] Капанадзе Л.А. Взаимодействие терминологии с общелитературной лексикой // Развитие лексики современного русского языка. – М.: Наука, 1965. – С. 86-104.

[5] Володина М.Н. Теория терминологической номинации. – М.:Изд-во МГУ, 1997. – 180 с.

[6] Прохорова В.Н. Русская терминология (лексико-семантическое образование). – М.: Филологический факультет, 1996. – 125 с.

[7] Гусев С.С. Наука и метафора. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1984. – 152 с.

[8] Қалиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1966. – 168 с.

[9] Коготкова Т.С. Национальные истоки русской терминологии. – М.: Наука. 1991. – 118 с.

## REFERENCES

- [1] Apresjan Ju.D. Izbrannye trudy, tom II. Integral'noe opisanie jazyka i sistemnaja leksikografija. M.: Shkola «Jazyki russkoj kul'tury», 1995. 767 s.
- [2] Orazov M. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. 216 б.
- [3] Reformatskij A.A. Chto takoe termin i terminologija? // Voprosy terminologij. M.: Nauka, 1961. S. 46-54.
- [4] Kapanadze L.A. Vzaimodejstvie terminologii s obshheliteraturnoj leksikoj // Razvitie leksiki sovremennogo russkogo jazyka. M.: Nauka, 1965. S. 86-104.
- [5] Volodina M.N. Teorija terminologicheskoy nominacii. M.:Izd-vo MGU, 1997. 180 s.
- [6] Prohorova V.N. Russkaja terminologija (leksiko-semanticheskoe obrazovanie). M.: Filologicheskij fakul'tet, 1996. 125 s.
- [7] Gusev S.S. Nauka i metafora. L.: Izd-vo LGU, 1984. 152 s.
- [8] Қалиев В. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. Алматы: Мектеп, 1966. 168 s.
- [9] Kogotkova T.S. Nacional'nye istoki russkoj terminologii. M.: Nauka. 1991. 118 s.

## РОЛЬ КОННОТАЦИЙ В ТЕРМИНООБРАЗОВАНИИ

**И. С. Муратбаева**

Алматинский филиал Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов, Казахстан

**Ключевые слова:** терминология, терминообразование, коннотация, семантика, денотативное значение, сигнификативное значение.

**Аннотация.** Рассматривая процесс терминообразования, необходимо уделить особое внимание способам терминообразования, при котором может быть образован термин с разными смысловыми оттенками. Термин – это слово, обозначающий какое-либо явление, факт отрасли науки, имеющий одно денотативное значение. Однако при метафорическом терминообразовании экспрессивно-эмоциональное значение слова, от которого был образован термин, может быть сохранен во внешних проявлениях. Наличие коннотативного значения в семантике термина вызывает много вопросов и споров, при этом есть как сторонники, утверждающие о его присутствии, так и противники, не принимающие эту точку зрения, отрицающие какое-либо присутствие дополнительного значения, кроме денотативного. Однако анализ терминологического корпуса различных отраслей наук, образованного путем метафоризации, приводит нас к выводу, что экспрессивно-эмоциональное значение термина может присутствовать на начальном этапе в процессе терминообразования. Он со временем в процессе длительного употребления может быть утерян, либо скрыт. Как показывает анализ, в большинстве случаев присутствие коннотативного значения наблюдается при переходе профессиональных слов в терминологический ряд. Коннотативное значение может присутствовать в детерминологизированных терминах, перешедших из отрасли науки в общелитературный язык.

*Поступила 17.03.2016 г.*